

Қостанай облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы мәслихатының 2014 жылғы 14 наурыздағы № 259 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 25 сәуірде № 4651 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 392 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы мәслихатының 07.04.2015 № 392 шешімімен.

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексінің 3-бабының 2-тармағына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабының 2-2-тармағына сәйкес және аудандар мен қалалар әкімдіктерінің ұсыныстарын қарастыра отырып, Қостанай облыстық мәслихаты **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Қоса беріліп отырған Қостанай облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасы бекітілсін.

2. Аудандардың және облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдарына ұсынылсын:

тұрғын үй құрылысын жобалау кезінде иттерді серуендетуге арналған алаңдар орналастыруды қарастыру ескерілсін;

тиісті елді мекендер аумақтарында иттер мен мысықтарды асырауға арналған арнайы паналарды ұйымдастыру жөнінде шаралар қолданылсын;

тұрғындар арасында ветеринариялық мекемелерде өз иттері мен мысықтарын уақытылы вакцинациялауды және есепке алуды насихаттау, иелерінің өз иттері мен мысықтарынан бас тартуының алдын-алу және олардың санын реттеу жөнінде шаралар қолданылсын.

3. Пәтерлер иелері кооперативтеріне ұсынылсын:

азаматтарды таныстыру үшін тиісті аумақтарда орналасқан хабарландыру тақталарына қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою функцияларын жүзеге асыратын мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың мекенжайы мен телефондары орналастырылсын;

қажет болған жағдайда тиісті жергілікті атқарушы органдарға иттерді серуендетуге арналған алаңдарды орналастыруға және осы мақсаттар үшін жер учаскелерін бөлуге орындар белгілеу үшін тапсырыс берілсін; иттерді серуендетуге арналған алаң санитарлық жағдайда ұсталсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Т. Булгаевич

Қ о с т а н а й о б л ы с т ы қ

мәслихатының хатшысы

С. Ещанов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ о с т а н а й о б л ы с ы н ы ң ә к і м і

_____ Н. Садуақасов

"Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетінің Қостанай облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысы

_____ Т. Иманбаев

"Қазақстан Республикасы Тұтынушылардың құқықтарын қорғау агенттігінің Қостанай облысы тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті" республикалық мемлекеттік мекеме басшысының міндетін атқарушы

_____ С. Байменова

"Қазақстан Республикасы ішкі істер Министрлігі Қостанай облысының ішкі істер Департаменті" мемлекеттік мекемесінің бастығы

_____ Т. Маткенов

О б л ы с т ы қ м ә с л и х а т т ы ң

2 0 1 4 ж ы л ғ ы 1 4 н а у р ы з д а ғ ы

№ 259 шешімімен бекітілген

Қостанай облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасы

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қостанай облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою қағидасы (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 30 қаңтардағы "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі "Ветеринария туралы" Заңына (бұдан әрі – "Ветеринария туралы" Заң) сәйкес әзірленген.

2. Осы Қағида Қостанай облысының елді мекендері аумағында иттер мен мысықтарды асырау және серуендету, қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою тәртібін белгілейді.

3. Осы Қағида иттер мен мысықтарды асырайтын заңды және жеке тұлғаларға (бұдан әрі – иелері) (адамдарды құтқару жөніндегі, қылмыспен күрес және қоғамдық тәртіпті сақтау жөніндегі жұмысты атқаратын қызметтік иттер ұстайтын мемлекеттік кәсіпорындардан (ұйымдар, мекемелер) басқа), сондай-ақ иттер мен мысықтарды серуендетіп жүретін адамдарға таратылады.

4. Осы Қағиданы бұзу Кодекстің 311-бабына сәйкес жауапкершілікке әкеп соғады.

2. Иттер мен мысықтарды асырау

5. Иттерді және мысықтарды көп пәтерлі тұрғын үйлердің ортақ пайдаланылатын орындарында (кіреберістерде, жертөле қабаттарында, шатыр астыларында, баспалдақ алаңдарында), сондай-ақ осындай үйлердің жанындағы аумақтарда асырауға жол берілмейді.

6. Жеке тұрғын үйлер, жеке құрылыстар аумақтарында иттердің қашып кетуін, адамдарға және жануарларға шабуыл жасауын болдырмайтын жағдайларда иттерді оқшау аумақта және (немесе) байлап ұстайды. Егер аумақты ит күзететін болса, иттің аумақта бар екендігі аумаққа кіре берістегі қақпада ескерту тақтайшасымен хабарланады.

7. Иттер мен мысықтарды асыраған кезде иелері:

1) өз иттері мен мысықтарына олардың биологиялық және жеке ерекшеліктеріне сәйкес мейіріммен қарауды және жағдай жасауды қамтамасыз етеді, оның ішінде иттер мен мысықтардың азыққа, сондай-ақ суға, ұйқыға, қозғалысқа, табиғи белсенділігін ескеріп, қажеттіліктерін қанағаттандырады.

2) өз иттерінің оларды асырап отырған орыннан өз еркімен шығып кетуіне

жол бермеу жөніндегі шараларды қолданады.

3) бірнеше иттердің, мысықтардың кенеттен өлген, бір мезгілде ауырған жағдайлары туралы немесе олардың әдеттен тыс мінез көрсетуі туралы ветеринариялық мамандарға хабарлайды және ветеринариялық мамандар келгенге дейін ауру деп күдік келтірілген иттер мен мысықтарды оқшаулап асырау жөнінде шаралар қолданады.

8. Жануарлар мен адам денсаулығына ерекше қауіп төндіретін иттер мен мысықтарды алып қою және жою "Ветеринария туралы" Заңға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Иттер мен мысықтарды серуендету

9. Иттері мен (немесе) мысықтарын серуендетіп жүрген иелері, сондай-ақ тұлғалар қоғамдық орындарды ластаған жағдайда өз иттері мен (немесе) мысықтарының тіршілік әрекеті өнімдерін (қағаз немесе полиэтилен пакеттерге) тез арада жинастырады.

10. Иттерін серуендету кезінде иелері, сондай-ақ иттерді серуендетіп жүрген адамдар :

1) иттерді асырау орындарынан, сондай-ақ басқа оқшау аумақтардан мойын жіппен және тұмылдырықпен алып шығу керек. Айналадағы адамдардың және жануарлардың қауіпсіздігін қамтамасыз еткен жағдайда үш айға дейінгі иттердің күшіктерін және анатомиялық ерекшеліктері тұмылдырық киюге келмейтін декоративтік тұқымды иттерді тұмылдырықсыз серуендетуге болады;

2) итті оның иесінің байланыс мәліметтері (мекенжайы, телефоны) көрсетілген қарғыбаумен алып жүреді. Иесінің қалауы бойынша итке қатысты басқа да ақпарат көрсетілуі мүмкін;

3) жолдың өтетін бөлігін кесіп өту кезінде, жолдың өтетін бөлігінің шетіндегі қозғалыс кезінде, жол қауіпсіздігі талаптарын сақтауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беру үшін серуендетіп жүрген итті қысқа мойын жіппен алып жүреді;

4) серуендеп жүрген ит адамды немесе жануарды қауып алған жағдайда тиісті дәрігерлік көмек шақыру жөнінде шаралар қабылдайды.

11. Ауыл шаруашылығы жануарларын бағу кезінде, арнайы жаттықтырылған, есепте тұратын қызметтік иттер мойын жіпсіз және тұмылдырықсыз жүре алады.

12. Мыналарға :

1) иттер мен мысықтарды тұрғын үйлердің аулаларында, балалар алаңдарында және басқа да балалар ойындары орындарында, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт мекемелері аумақтарында серуендетуді жүзеге асыруға ;

2) иттермен және мысықтармен (көру қабілеттілігі бойынша мүгедектігі бар

адамдарды жетелеуші иттерден басқа) дүкендерге, қоғамдық тамақтану ұйымдарына, медициналық, мәдени, спорттық және жалпыға білім беру мекемелеріне (арнайы ұйымдастырылған шараларға барудан немесе иттермен, мысықтармен бірге баруға арналған мамандандырылған мекемелерге (ұйымдарға) барудан басқа) баруға ;

3) кәмелет жасындағы адамдарсыз 12 жастан кіші балалардың, иттердің үш айға дейінгі күшіктерінен және иттердің декоративтік тұқымдарынан басқа, иттерді серуендетуді жүзеге асыруға ;

4) алкогольдік, есірткі мас күйіндегі адамдарға иттерді серуендетуді жүзеге асыруға ;

5) иттер мен мысықтарды қоғамдық шомылу орындарында, тоғандарда, су бұрқақтарында, су қоймаларында және су бөгеттерінде шомылдыруға.

13. Аудандардың, облыстық маңызы бар қалалардың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреті шегінде тиісті елді мекендер аумақтарында иттерді серуендетуге арналған алаңдарды орналастыру және жабдықтау іс-жөніндегі шараларды ұйымдастырады.

4. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою

14. Қоғамдық орындарда оларды жетектеуші тұлғасыз жүрген иттер мен мысықтар қаңғыбастар деп саналады және олар аулауға жатады.

15. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулауды "Ветеринария туралы" Заңның 11-бабының 4-тармағына сәйкес құрылған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар жүзеге асырады .

16. Адамгершілік қағидаттарының сақталуымен бірге қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою тиісті аумақтарда тұратын тұлғалардың құқықтары мен заңды мүдделерін сақтай отырып, ұйымдастырылады және өткізіледі. Қаңғыбас иттер мен мысықтарды аулау және жою жөніндегі жұмысқа наркологиялық немесе психоневрологиялық диспансерлерде есепте тұрмайтын тұрғаларға рұқсат етіледі.